

К.С. Нұрғалым¹, Ш.Ә.Сабитова¹

¹Саяси ғылымдардың кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Сорбонна – Қазақстан институты

¹Филология ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Сорбонна – Қазақстан институты

МЕМЛЕКЕТТІҢ САЯСИ ЖАҢАРУЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ҒЫЛЫМИ ТАЛДАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада Мемлекеттің дамуында, саяси институттардың қалыптасу негізінде қоғамдық ойдың модернизациялану мәселелеріне саяси салыстырмалы талдау жасауға ұсыныстар берілген. Мемлекеттің демократиялық жолмен дамуына, теориялық тұрғыда жаңа пайымдаулар жасалынған. Зерттеу Қазақстан Республикасының ғасырларға тән сан-салалы саяси өзгерістерді басынан кешіргендігі, дүние жүзіне өзімізді бейбітшілік сүйгіш халық, өркениетті саясаты бар ел ретінде танытып үлгердік. Алайда «өзгеге таныту үшін өзімізді тану қажеттілігі» анықталды. Саяси тарихымыздың өткен ғасырдың басындағы маңызды оқиғаларының саяси сабақтарына көңіл қойып, зерделеу саяси прагматизм мақсаттарынан туындап отыр. Егеменді Мемлекеттің қалыптасуына күрестің көшбасында халқының ақыл-айнасы, жанашыр саяси тұлғалар болғаны, ұлтымыздың таңдаулы қайраткерлері тұрды. Алайда, олардың еңбектері мен есімдері тарихтан күштеп өшірілгенімен де, тоталитарлық саяси режим олардың өз халқына деген жанпида қызметімен ерекшеленген азаматтық бейнелерін санамыздан өшіре алған жоқ. Саяси билікті модернизациялауда ұлттық интелегенция мұрасы өткен мен болашақтың саяси көпірі. Олардың тұлғалық мұратын ақиқатын бағалаудың өзі, саяси болжам жасауға салыстырып зерттеуге негіз болады.

Зерттеу барысында мемлекеттік басқару жүйесінің реформалары, экономикалық саясаттың трансформациясы, әлеуметтік модернизация және технологиялық даму стратегиялары сияқты маңызды аспектілерге ерекше назар аударылады. Мемлекеттің модернизациялық саясатының табысты және өзекті тұстары анықталып, олардың қазіргі заманғы сын-қатерлерге бейімделу қабілеті саяси талданады.

Түйін сөздер: саясат, мемлекеттік модернизация, мемлекеттік басқару, әлеуметтік модернизация, саяси ойлардың дамуы, саяси экономикалық даму.

Нұрғалым К.С.¹, Сабитова Ш. А. I

¹Кандидат политических наук, доцент кафедры международного права Института Сорбонна-Казахстан КазНПУ им. Абая

¹Доктор филологических наук, доцент, Институт Сорбонна-Казахстан КазНПУ им. Абая

ОТЛИЧИЕ НАУЧНОГО АНАЛИЗА КЛЮЧЕВЫХ ВОПРОСОВ ПОЛИТИЧЕСКОЙ МОДЕРНИЗАЦИИ
ГОСУДАРСТВА

Аннотация

В статье предлагается политико-сравнительный анализ вопросов модернизации общественного сознания в контексте формирования политических институтов, оказывающих влияние на развитие государства. Теоретически обосновываются новые подходы к демократическому развитию государства.

Исследование основано на многообразных политических трансформациях, которые претерпела Республика Казахстан на протяжении веков. Казахстан уже зарекомендовал себя на мировой арене как миролюбивое государство с цивилизованной политикой. Однако, чтобы представить себя миру, необходимо сначала осознать свою собственную идентичность. В этом контексте особое значение приобретает анализ политических уроков ключевых событий начала прошлого века. Осмысление исторического политического опыта обусловлено целями политического прагматизма.

В борьбе за становление суверенного государства в авангарде движения стояли выдающиеся деятели нации, являвшиеся духовным зеркалом своего народа и его преданными политическими лидерами. Несмотря на попытки тоталитарного режима стереть их имена из истории, преданная служба своему народу сохранила их гражданский облик в общественном сознании. Национальная интеллигенция, оставившая значительное политическое наследие, играет роль моста между прошлым и будущим в процессе модернизации политической власти. Оценка их идейного наследия и гражданского подвига служит основой для сравнительных политических исследований и прогнозирования.

В ходе исследования уделяется особое внимание реформам системы государственного управления, трансформации экономической политики, социальным модернизационным процессам и стратегиям технологического развития. Определяются ключевые и актуальные аспекты государственной модернизационной политики, а также оценивается её способность адаптироваться к современным вызовам.

Ключевые слова: политика, государственная модернизация, государственное управление, социальная модернизация, развитие политической мысли, политико-экономическое развитие.

Nurgalym K.S.¹, Sabitova Sh. A.¹

¹*Candidate of Political Sciences, Associate Professor of the Department of International Law, Sorbonne-Kazakhstan Institute, Abai University*

¹*Doctor of Philological Sciences, Associate Professor, Sorbonne-Kazakhstan Institute, Abai University*

FEATURES OF SCIENTIFIC ANALYSIS OF KEY ISSUES IN THE POLITICAL MODERNIZATION OF THE COUNTRY

Abstract

This article presents a political-comparative analysis of how public consciousness has modernized in the process of forming political institutions that shape state development. It explores new theoretical perspectives on democratic progress.

The study examines Kazakhstan's long history of political transformations. The country has established itself as a peaceful and politically stable nation on the global stage. However, before presenting itself to the world, it must first understand its own identity. In this context, reflecting on key political events of the early 20th century is especially important. Learning from history helps shape a more pragmatic political approach today.

The struggle for an independent state was led by outstanding national figures who served as the intellectual and political leaders of their people. Although the totalitarian regime tried to erase their names from history, their dedication and service to the nation remain in public memory. The legacy of the national intelligentsia serves as a bridge between the past and the future in the

modernization of political power. Evaluating their contributions helps form a basis for political analysis and future predictions.

This study focuses on key aspects such as government reforms, economic policy changes, social modernization, and technological development strategies. It highlights the strengths and challenges of Kazakhstan's modernization efforts and assesses how well they adapt to present-day issues.

Keywords: politics, state modernization, public administration, social modernization, political thought development, political and economic progress.

Зерттеу Алаш қайраткерлерінің саяси ойлары, көз-қарастары бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін де маңызды бағдар болып саналады. Мемлекеттік модернизация дамуын жан-жақты салыстырмалы талдауға бағытталған. Олардың идеялары ұлттық мемлекеттілікті нығайтуға, саяси жүйені демократияландыруға және азаматтық қоғам құруда, ұлттық ерекшеліктердің даму парадигмалары талданды.

Зерттеу нәтижелері Алаш қайраткерлері мемлекеттілікті ұлттық бірлік пен демократиялық қағидаттар негізінде дамыту керектігін алға тартты. Конституциялық басқаруды орнату, халықтың саяси белсенділігін арттыру, Мемлекеттің басқару құрылымында заң үстемдігін қамтамасыз ету идеяларын ұсынды. Саяси қайраткерлердің саяси ой-пікірлерінің негізгі модернизациялық бағыттары, Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси реформалармен үндестігі, Парламенттің рөлін күшейту, азаматтық қоғам институттарын дамыту, заңның үстемдігін қамтамасыз ету. Білім беру мен ағартушылықты дамыту, жеке адам бостандықтарын қорғау, Қазақ қайраткерлерінің идеялары қазіргі саяси жаңарудың тарихи негізі болып айқындалды, өзектілігі сараланды. Саяси жаңғырту – бұл қоғамдық ойдың маңызды бағыты, оған дәстүрлі мәдени және әлеуметтік-экономикалық формаларды терістеу, саяси өзгеріс және жаңа қағидаттарды іздеу тән.

Алаш зиялыларының көз-қарастары батыстық ойшылдардың, авторлардың ойларымен ұштасып жатты, ағартушылық, саяси-идеялық қызметтерінде ұлттық мәселелер терең толғанған болатын.. Осы мәселе бойынша зерттеулердің елеулі санына қарамастан, қарастырылып отырған саяси ойларды талдау, әрқайсысында модернизациялық саясатты жүзеге асырудың ерекшеліктерін жүйелі салыстырмалы талдауға қажеттілігі анықталды.

2019 жылдан Қазақстан Республикасы Президенті болып Қ.К.Тоқаев сайланғаннан кейін, бастау алған саяси жаңару және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мемлекеттің ресми саяси бағытын түбегейлі жаңаруына себеп болды. 2022 жылдан бастап бұл саяси процесстер Жаңа және Әділетті Қазақстан құру аясында іске асырылып келеді.

Бұл зерттеудің әдіснамалық негізі институционалды, салыстырмалы және жүйелік талдаудың негізделген кешенді тәсілге сүйенеді. Зерттеу барысында мемлекеттің жаңаруына әсер ететін саясаттанушылардың көз-қарастарын, саяси ойларын салыстырмалы талдау бағыты ретінде таңдалады, себебі бұл салалар модернизация процессінің қозғаушы күші болып саналады. Деректер базасы ретінде мұрағат құжаттары, үкімет қаулылары мен есептер, заңнамалық актілер, сондай-ақ ғылыми журналдарда, халықаралық конференцияда шыққан зерттеу мақалалары пайдаланылады.

Салыстырмалы талдау кезінде, Алаш қайраткерлерінің саяси ойларының негізінде, қазақ қоғамында саяси мәдениет, саяси психологияның қалыптасып дамуына негіз салғанын анықтап контент-талдау және дискур-талдау әдістерін қолданылды.

1.Қазақстанның саяси институттардың қалыптасуында қоғамдық ойлардың қайнар көздері, саяси жаңаруын басты ерекшелік ретінде зерттеу.

2. Саяси әлеуметтік-экономикалық нәтижелердің негізінде, жүйелік тәсіл арқылы модернизация процесінің өлшемдік сипаты қарастырылады.

Мемлекеттің даму моделін талдау кезінде экономикалық жаңарудың даму көрсеткіштері, институционалдық реформалар, әлеуметтік саясат және мемлекеттік басқару жүйесінің демократиялық трансформациясының басты параметрлері сақталады[1]. Сонымен қатар, мемлекеттің ұлттық ерекшеліктері мен тарихи-мәдени контекстер зерттеліп талдауға алынады. Саяси жаңару туралы көзқарастар ғалымдардың саяси ойлары, саяси биліктің жаңа бағытта дамуына оң әсері қарастырылып айқындалды. Алаш қайраткерлерінің саяси ойларын қызметтің зерттеу шеңбері бір ғасырдан асады, бұл саяси модернизация процесінің ұзақ мерзімді динамикасын бағалауға және саяси болжам жасауға мүмкіндік береді. Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде таңдалған зертеу тәсілдері кешенді модернизация үрдістерінің көп қырлы аспектілерін ескере отырып, жүйелі түрде зерттеуге мүмкіндік береді.

Эволюциялық модернизацияның ғылыми тұжырымдамасы дәстүрлі элементтердің сабақтастығын және жаңашылдықтың үйлесімділігін негіздейді. Қазақстандағы қоғамдық-саяси пікірлер мен мемлекеттің саясаты туралы ойлар мен тұжырымдар, тәжірибелер, қоғамдық ұйымдардың, саяси партиялардың, ұлттық қайраткерлердің қызметі жаңаша қырынан жүйелі түрде зерттелуі саяси жаңаруда прогреске қол жеткізудің парадигмалық үлгісі болып саналады.

Қазақ қайраткерлерінің үкімет мүшесі ретіндегі мемлекеттік маңызды шаруаларды республика көлемінде жүзеге асырудағы саяси ұстанымдары, көзқарастары, ойлары жан-жақты талданып, саяси жүйенің модернизациялауда рөлі айқындалды. Саяси модернизацияның дамуы қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялар, саяси билік және қазақ қайраткерлерінің атқарған қызметі бүгінгі күнмен салыстырылып, талданып саяси парадигма заңдылықтарын ашып көрсетілді.

Саяси талдау, саяси көзқарастар арқылы методологиялық негізде талданып, саяси технологияның өміршеңдігі дәлелденді. Саяси қайраткерлердің Қазақстандағы қоғамдық-саяси, ұлттық мемлекеттік құрылысы принциптері туралы пікірлері, саяси ойлары, теориясы зерттеліп, саяси ғылыми тұрғысынан талдау жасалынды[2]. Алаш саяси қайраткерлерінің көзқарастары тәуелсіздік принциптерімен сабақтастығы дәлелденді. Осы ғылыми бағыт Қазақстандағы саяси ойдың қоғамды модернизациялаудағы рөлін арттырып, саяси жүйенің даму потенциалын ашуға мүмкіндік береді.

Қазақстанда саясаттану объектісі сараланып, оның дамуында орын алған өрлеу-құлдырау-қайта өрлеу құбылыстарының себептері мен салдарлары сарапталынған. Қазақстан Республикасын ары қарай демократиялық жолмен модернизациялауды жүзеге асыру шарттары анықталды және болжам жасалды. Саяси жүйенің дамуының болашағы қоғамдық қатынастарда модернизациялауды тереңдете берумен тікелей байланысты екендігі дәлелденген. Мемлекеттік басқаруды модернизациялаудың әлеуметтік-саяси мазмұны ашылды және бұл құбылыстың елдің нарықтық экономикалық даму үрдісімен өзара байланыстылығы дәлелденіп, қоғамның негізгі салаларын модернизациялау бір-бірі мен міндетті түрде ықпалы болатындығы айқын көрсетілді.

Кесте 1 Саяси модернизация туралы көзқарастарды салыстырмалы талқылау

Модернизация туралы зерттеген ғалымдар	Модернизациялау саясатының негізгі ерекшеліктері	Айырмашылықтары
--	--	-----------------

Дж. Лок	Саяси билікті дұрыс бағалау	Атқарушы билік, заң шығарушы органға тәуелді болуы
Ш. Монтескье	Билік тармақтары арасындағы тежемелі принциптері	Биліктер бір-бірін өзара тежеп отыратындай тәртіп орнату
Б.А. Грушин	Саяси сананы модернизациялау	Психология саяси ойдың бір көрінісі ретінде қарастыру керек дегенді ұсынады
Ә. Бөкейханов	Автономия болу – өз алды мемлекет болу	<i>Баспасөзде жариялаған шығармаларымен сол кездегі қоғамдық ой - пікірді дамытты, саяси болжам жасады</i>
А. Байтұрсынов	Болыстық та, билік те халықта - оқумен түзеледі	Қоғамдағы ағарту мәселелері бірінші кезекте шешуді ұсынды, жаңа әлибиді жасап, оқытуға негіз қалады.
С. Сәдуақасов,	Жаңа саяси стратегия ұлттық мүддеге сай жасауды, шекараны белгілеуді ұсынды	Қазақстанның дербес саяси тәуелсіздігін қалыптастыруда экономикалық саяси оң шешімдер қабылдау. Саяси шешімдер қабылдағанда демократиялық құндылықтарды негізге алып, заңдар қабылдауды ұсынды.
Р. Әбсаттаров,	<i>Қазақстанның қоғамдағы жаңарудың демократиялық негіздерін, этносаяси аспектілерін кешенді зерттеген</i>	Саяси білімді, тәжірибемен байланыстырып, саяси мәдениеттің қалыптасуының негізін қалады
Ж. Симтиков	<i>Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғанан кейін саясаттану ғылымында</i>	Халықаралық жағдайлар мен қоғамдық саяси көзқарастарға, саяси

	<i>билік жүйесінің жаңаруын зерттеген</i>	процесстерге сараптама жасаған
--	---	-----------------------------------

Халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған бай рухани ой-қазынасы мен біртуар ғұлама перзенттерінің қоғамдық, саяси ой-пікірді дамытудағы еңбектері, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тапқан, сыннан өткен тәжірибелері, тәлім-тәрбиелік мақсаттағы мұралары мен халық мүддесі бағытындағы қимыл-әрекеттерін зерттеп, практикалық нәтижесін пайдалану қоғамның көкейтесті мәселесі, талабы. Әр саяси тарихи кезеңнің сұранысы, қоғамына лайық тұлғалары қалыптасады. Қоғамдық дамудың тәртібіне сәйкес, олар қоғамдық саяси күштерге сүйене отырып, халқының, заманының талап тілегін дұрыс айырады. Жасаған идеясының қоғамда өміршең болып, жүзеге асуына бар күш-жігерін жұмсайды[3]. Өміршең болуының басты кепілі өткеннің сабағын ескеріп, тәлімін алу болып саналады.

Қазақ интеллигенттерінің басым көпшілігі – тек қана бір кәсіби мамандықтың тізгінін ұстаумен шектелмей, әмбебап мамандар ретінде қызмет етті: олар оқу - ағарту ісімен де, қазақ тілінде басылымдар (кітап, газет, журнал) шығару мен қатар, жан-жақты шығармашылық жұмыспен де айналысты. Осылардың барлығында ортақ қасиет, ортақ ерекшелік – олардың қазақ қауымының қоғамдық-саяси сұраныстарына мүмкіндігінше толық жауап беруге тырысуы еді. Елдің саясаты мен мәдениетіндегі ұрпақ қызметінің рухын айқындай түсетін рухани қасиет үлгілері. Қазақ қайраткерлерінің тұлғалық көріністері зиялылық, саяси тұрғыда зерттеуде ұлттық интеллигенция ұғымынан, зиялылықтың, саяси тұлғалардың қалыптасуына қол жеткіземіз.

М.Шоқайдың Түркістан Федерациясын құрудағы саяси мақсатының астарында тілі, діні, түсінігі ұқсас мемлекеттердің аймақтық геосаяси одақ құрудың қажеттілігін болжай алғандығы[4].

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік және егемендік жылдарындағы қабылдаған мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру бойынша ізбасарлық шаралары оның қызмет ету тиімділігін арттыруға, үйлестірілген қызметі мен биліктің барлық деңгейдегі әрекеттестігін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасауға мүмкіндік берді. Мемлекеттік басқару жүйесін құру, негізгі принциптері, елдің Конституциясында қаланған және конституциялық заңдар қатарында, сондай-ақ мемлекеттік басқарудың жеке саласын реттейтін нормативтік актілер жинағында одан әрі нақтыланған. Бірақ, биліктің барлық деңгейлерінің арасындағы міндеттерді айқын шектеу бойынша нормативтік-құқықтық база, реформа орталығын мемлекеттік басқарудың төменгі деңгейлеріне ауыстыру мен жергілікті өзін-өзі басқару негіздерін құру, одан әрі жаңаруды жетілдіруді талап етеді.

Қоғамның жетілдіру кезеңіндегі саяси, демократиялық өзгерістерінің басты бағыттарының бірі – биліктің өкілді органдарының функцияларын кеңейту және рөлдерін күшейту болып табылады. Мемлекеттің саяси жаңаруына сәйкес, одан әрі демократияландырудың бес приоритеттік бағыттары бөлінген. Олар:

- билікті орталықсыздандыру және жергілікті әкімдердің сайланбалығын енгізу;
- Парламент пен мәслихаттардың өкілеттіктерін күшейту;
- адамдардың құқықтары мен еркіндіктерін тиімді қорғауға шаралар жасау;
- сот жүйесін реформалау;
- азаматтық қоғамның институттарын дамыту, саяси партиялар мен үкіметтік емес

ұйымдардың рөлін арттыруға [5] бағытталған.

Демократиялық мемлекеттің саяси жүйесіндегі саяси партиялар кез-келген мемлекеттік құрылыстың өзегі, дамуының іргетасы, қозғаушы күші болып табылады. Әділетті мемлекет дегеніміз – құқықтық мемлекет. Онда азаматтардың бәрі заң алдында тең болады, заңдарды, ережелерді және нормаларды қатаң сақтай отырып, жалпыға бірдей мүмкіндіктерді толық пайдалана алады.

Мемлекеттік биліктің саяси жүйесін таңдау – айрықша жауапты шешім. Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынысы мен «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» атты тұжырымдамасы» және «Халық үніне құлақ асатын мемлекетті» дамытуға бейімділігін растады[6], Қазақстанның саяси жүйесіне ең қолайлы тұжырымдама екені айқын. Түптеп келгенде, Конституцияға енгізілген өзгерістің бәрі – Парламенттің реформалануы, ауыл, аудан және қала әкімдерінің сайлануы, Ұлттық құрылтайдың құрылуы және, ең бастысы, заң үстемдігінің басымдыққа айналуы, осының барлығы саяси модернизация жүруіне сенімді кепілдік береді. Қазақстан өз ұлттық мүддесін қорғауға, барлық елдермен өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтуды көздейтін, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған сыртқы саяси бағытты жалғастыра бермек. Жаңа мемлекеттік саясат Әділетті мемлекет – Әділетті экономика – Әділетті қоғам өзара байланысты үш қағидатқа негізделгені айқындалды.

Қазақстан үшін саяси модернизацияны зерттеу өте маңызды, салыстырмалы талдау нәтижесі көрсеткендей, мемлекеттің рөлінде басты бағыт тек экономикалық өсумен шектелмейді. Саяси әлеуметтік демографиялық динамиканы қолдау арқылы, кешенді отбасылық саясатты жүргізу және отбасы институтын қолдау, жастарға саяси тәрбие берудің оң әсері арқылы, белсенді еліміздің патриоттарын қалыптастырамыз. Қазақстан үшін Алаш қайраткерлерінің саяси көзқарастарынан тәжірибелерден алатын сабақтары көп. Біріншіден, «Алаш» қозғалысының қайраткерлері елдің экономикалық саяси, мәдени дамуын қазақ халқының санасын оятуды, оқыту арқылы ғана шешу қажеттілігін дәлелдеді. Екіншіден, саяси жаңару жолы біртіндеп даму, бейбіт реформа жолымен байланыстырды. Үшіншіден, кеңес билігі шеңберінде ұлттық мұраттарды жүзеге асыруда, бар күш-жігерімен саяси стратегия жасады.

Саяси жаңаруда Алаш қайраткерлерінің саяси ойларын, Мемлекетті қалыптастыру туралы ашық пікірлері, кәзірде өзекті болып отыр. Тәуелсіз Қазақстанның дамуында, саяси шешім қабылдағанда Қазақ қайраткерлерінің еңбектеріне сүйене отырып қабылдаса, ұлттық мүддеге сай шешімдер қабылданып, көпшіліктің қолдауына ие болар еді деп ойлаймыз.

Қазақстан жағдайында саяси модернизацияны іске асыру үшін бірқатар әлеуметтік ерекшеліктерді ескеру қажет. Қазақстанның геосаяси жағдайы Азия мен Еуропа түйіскен жерінде орналасуы. Халықтың әлеуметтік жағдайын тұрақты қолдау, бай табиғи ресурстарды дұрыс пайдалану, ішкі саясатта көпұлтты құрамның артықшылықтарын айқындау. Саяси процестердің оң нәтижесі – республикамызда билік тізгінін берік ұстауға қабілетті, парасатты, саяси мәдениетті жастарды тәрбиелеп, саяси көшке қосуға, мемлекеттің «Болашақ» бағдарламаларының орындалуы. Сонымен қатар, нарықтық қазіргі жаһандану жағдайында әлемдік саясаттың өз ықпалына мүдделеріне сай өзгермелілігі, саяси мадернизацияға кері әсерін тигізуде.

Қорыта айтқанда, мемлекеттің саяси жаңаруы демократиялық саяси шешім қабылдауда көрініс береді, сайлаудың әділ, таза, бәсекелестікте болуы, шетелден келген байқаушылардың сайлауды демократиялық, немесе демократиялық емес деп бағалауын негізге ала отырып, халықаралық ұйымдар демократия деңгейін анықтап бағалайды. Алаш қайраткерлерінің еңбектерін пайдаланып ғылыми айналымда қолданса, жас саяси тұлғалардың қалыптасуына оң әсер етеді.

Қазақстанда жүргізген отарлық заңдарының бәрі – қазақ халқының экономикалық, саяси, рухани, аумақтық тұрғыдағы бірлігін бұзуға бағытталды. Отарлық заңдар қазақ халқы өкілдерін болыстық көлемнен жоғары билікке жібермеді. Бір сөзбен айтқанда, өтпелі дәуірдегі саяси ойдың дамуы, қоғамға әсер етіп өткен кезеңнің белгілерін сақтайды, сонымен бірге орасан зор модернизациялық қызметті жүзеге асырады. Қоғамның саяси жүйесін модернизациялау өткен ғасырдың басында да жүзеге асқан, соған сай қазақтың саяси элитасы мен саяси процесс көшбасшылары халықтың саяси сана-сезімін ояту жолында көптеген істерді жүзеге асырды. Қалыптасқан саяси ахуал қазақ халқының азаттық қозғалысының жаңа сатыға көтерілу кезеңін бастап берді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы жалпы халықтық референдум арқылы жаңарып, жетілдірілген заман талабына жауап бере алады. Қазақстан Орталық Азия аймағына саяси модернизация үлгісі бола алады. Экономикалық жағдайдың тұрақталуы және нарықтық экономиканың қалыптасуы, президенттік басқару түрінен президенттік-парламенттік билікке көшуі, саяси биліктің жаңаруын айқындайды.

Жаңару саясатының табысты болуы үшін мемлекеттің ішкі саясатында, азаматтардың саяси процестерге белсенді қатыстыру, саяси көзқарастарды талдау, демократиялық институттарды нығайту, саяси мәдениетті дамытуға басымдық берілуі анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Абуева Н.А. Политическая элита в условиях модернизации государственного управления: категориальный анализ. // *Саясат.* – 2007. - №3. - 26 с.
2. Жаулин К.М. Политическая модернизация как условие стабильного развития Республики Казахстан. Алматы, 2008. 237 с.
3. Симтиков Ж.К. Сұлтанбек Қожановтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі (Түркістан кезеңі). Тарих ғыл. канд. дисс... авторефераты. – А., 1997; т.б.
4. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы, 1991. 19 - 21 бб.
5. Қалмырзаев Ә. «Күшті билік дегеніміз көптің үнін өшіру емес, керісінше азаматтық қоғамды нығайту деген сөз» // Алматы, Жаңа ғасыр 2006, №8, 11-17 бб.
6. Чеботарев А. «Егемен Қазақстандағы саяси ойтаным: бастауы, дамуы, бүгіні» Астана, 2021 ж. 424-425 бб.